

Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 236 "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары туралы" және 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 337 "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы" шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2017 жылғы 30 мамырдағы № 160 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 маусымда № 5546 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Орман Кодексі" Кодексінің 14-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 495-бабының 9-тармағына және 506-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңының 1-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 236 "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары туралы" шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3326 тіркелген, 2010 жылғы 9 ақпанда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған):

қазақ тіліндегі шешімнің тақырыбында, бүкіл мәтіні бойынша және қосымшаларында "ставкалары", "ставкаларының" сөздері "мөлшерлемелері", "мөлшерлемелерінің" сөздерімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2) күші жойылды - Ақтөбе облысы мәслихатының 08.06.2022 № 139 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы мәслихатының 08.06.2022 № 139 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК